



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ
ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

А.БАЙТҰРСЫНОВ АТЫНДАҒЫ
ҚОСТАНАЙ Өңірлік университеті



ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ МӘДЕНИЕТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСТЫҚ
МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ" КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ "КОСТАНАЙСКИЙ ОБЛАСТНОЙ МЕМОРИАЛЬНЫЙ
МУЗЕЙ ИБРАЯ АЛТЫНСАРИНА" УПРАВЛЕНИЯ КУЛЬТУРЫ АКИМАТА КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

АЛТЫНСАРИН ОҚУЛАРЫ

«ИННОВАЦИЯ, БІЛІМ, ТӘЖІРИБЕ-БІЛІМ
БЕРУ ЖОЛЫНЫҢ ВЕКТОРЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

МАТЕРИАЛДАРЫ

І КІТАП

АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ
НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ
«ИННОВАЦИИ, ЗНАНИЯ,
ОПЫТ – ВЕКТОРЫ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ТРЕКОВ»

І КНИГА



Қостанай, 2023

УДК 37.02
ББК 74.00
И 63

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ/ РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Куанышбаев Сеитбек Бекенович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, география ғылымдарының докторы, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының мүшесі;

Жарлыгасов Женис Бахытбекович, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Зерттеулер, инновация және цифрландыру жөніндегі проректоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор;

Скударева Галина Николаевна, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, Мәскеу облысындағы МОУ «Мемлекеттік гуманитарлық-технологиялық университеті» ректорының м.а.; Ресей Федерациясының жалпы білім беру ісінің құрметті қызметкері, Ресей;

Бережнова Елена Викторовна, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Мәскеу халықаралық мемлекеттік қатынастар институты, Ресей;

Ибраева Айман Елемановна, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ жетекшісі;

Онищенко Елена Анатольевна, «Педагогикалық шеберлік орталығы» жекеменшік мекемесінің Қостанай қаласындағы филиалының директоры;

Демисенова Шнар Сапаровна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі;

Утегенова Бибикуль Мазановна, педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің педагогика және психология кафедрасының профессоры;

Смаглий Татьяна Ивановна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің, педагогика ғылымдарының кандидаты; педагогика және психология кафедрасының қауым.профессоры;

Жетписбаева Айсылу Айратовна, А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университетінің Ы.Алтынсарин атындағы әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

«Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары»: 2023 жылдың 17 ақпандағы Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. I Кітап. – Қостанай: А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023. – 1081 б. = «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков»: Материалы международной научно-практической конференции, 17 февраля 2023 года. I Книга. – Костанай: Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023. – 1081 с.

ISBN 978-601-356-244-5

Жинаққа «Инновация, білім, тәжірибе-білім беру жолының векторлары» атты Алтынсарин оқулары халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Талқыланатын мәселелердің алуан түрлілігі мен кеңдігі мақала авторларына заманауи білім беруді жаңғырту мен дамытудың, осы үдерісте қазақ ағартушыларының педагогикалық мұрасын пайдаланудың жолдарын, мұғалімдерді даярлаудың тиімді технологиялары мен форматтарын әзірлеу мен енгізу мәселелерін, ақпараттық қоғамдағы білім беру кеңістігінің ерекшеліктерін айқындауға, сондай-ақ педагогтердің инновациялық қызметінің тәжірибесін жинақтауға, педагогикалық үдеріс субъектілерін психологиялық-педагогикалық қолдауға мүмкіндік берді.

Бұл жинақтың материалдары ғалымдарға, жоғары оқу орындары мен колледж оқытушыларына, мектеп мұғалімдері мен мектепке дейінгі тәрбиешілерге, педагог-психологтарға, магистранттар мен студенттерге қызықты болуы мүмкін.

В сборнике содержатся материалы Международной научно-практической конференции Алтынсаринские чтения «Инновации, знания, опыт – векторы образовательных треков». Многообразие и широта обсуждаемых проблем позволили авторам статей определить векторы модернизации и развития современного образования, использования в данном процессе педагогического наследия казахских просветителей, вопросов разработки и внедрения эффективных технологий и форматов подготовки учителей, специфики образовательного пространства в информационном обществе, а также обобщения опыта инновационной деятельности педагогов, психолого-педагогической поддержки субъектов педагогического процесса.

Материалы данного сборника могут быть интересны ученым, преподавателям вузов и колледжей, учителям школ и воспитателям дошкольных учреждений, педагогам-психологам, магистрантам и студентам.

ISBN 978-601-356-244-5



9 786013 562445

УДК 37.02
ББК 74.00

© А.Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, 2023
© Костанайский региональный университет имени А.Байтұрсынова, 2023

интереса к другим сторонам жизни. Дальнейшие сложности возникают, когда человек, в конечном счете, изолируется от реальных коммуникаций, предпочитая им виртуальное взаимодействие. Подобное поведение поддерживает замкнутый круг ПИИ, приводя в итоге к социальной изоляции и чувству вины, связанному с использованием Интернета, вызывая ложь своим друзьям и близким о количестве времени, проводимым в Сети.

Терапия (лечение):

За рубежом существует несколько он–лайн центров поддержки интернет–аддиктов, один из которых основан К.Янг, самым известным исследователем Интернет–зависимости. В Рунете на сегодняшний день есть Служба Анонимной Помощи пользователям Интернет, предлагающая психологическую поддержку он–лайн с помощью ICQ – сетевой аналог Ителефона доверия и – Виртуальная психологическая служба. Как бы не были хороши виртуальные службы психологической помощи, все же большинство специалистов рекомендуют очную индивидуальную и/или групповую психотерапию, с акцентом на работе с образами, эмоциями, т.к. аддикты, как правило, испытывают значительные затруднения на эмоциональном плане. Учитывая определенные трудности в осуществлении межличностных взаимодействий и социальной адаптации у лиц, страдающих интернет–зависимостью, в лечении предпочтительнее использовать именно групповые варианты психотерапии.

Таким образом, можно сделать выводы:

1. Что делать нельзя: наказывать, отключать Интернет, лишать других удовольствий. Все эти действия не только бесполезны, но и вредны, так как подталкивают подростка к бегству из дома.

2. Что надо делать: поддерживать подростка в преодолении возникающих жизненных трудностей, обучать новым способам преодоления кризисных ситуаций, обучать умению регулировать свои эмоции, строить отношения со сверстниками, управлять своим временем.

3. К кому обращаться: обязательная консультация врача–психотерапевта (выявление возможных депрессивных расстройств) – совместная психокоррекционная работа врача–психотерапевта и клинического психолога, направленная на повышение адаптации человека.

Список литературы:

1. Вологодина И.В. Современные подходы к формированию информационной компетенции педагогов, работающих с детьми с особыми образовательными потребностями // Вестник образовательного консорциума Среднерусский университет. Серия: Гуманитарные науки. 2018 г. №12. 15–18 с.
2. Янг К. Диагноз – Интернет–зависимость. URL: <https://cyberpsy.ru/articles/young-internet-addiction/>
3. Vologdina I.V., Sykeeva I.N. Peculiarities of preparation to the choice of the teaching profession in non-pedagogical university // Вестник образовательного консорциума Среднерусский университет. Серия: Гуманитарные науки. 2017 г. №9. 10–12 г.

ӘОЖ 711.7

АҚПАРАТТЫҚ – КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Гареева Науля Туктамышевна
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Тобыл қаласының № 2 жалпы білім беретін мектебі
Тобыл қаласы, Қазақстан
E-mail: gareevanailia_75@mail.ru*

Аңдатпа

Мақалада қазіргі қоғамды ақпараттандыруда ұстаздың біліктілігін, шеберлігін ақпараттық – коммуни–кациялық технологияны қолдану барысында тиімді қолдану тәжірибесі туралы айтылған.

Түйінді сөздер: талап, ақпараттандыру ғасыры, прогресс, құрал, қолдану әдісі

Аннотация

В статье рассказывается о том, как эффективно использовать навыки, навыки учителя в информатизации современного общества при использовании информационно – коммуникационных технологий.

Ключевые слова: требование, информационный век, прогресс, инструмент, способ применения.

Abstract

The article describes how to effectively use the skills of a teacher in the informatization of modern society when using information and communication technologies.

Key words: age of demand informatization, progress, tool, method of application.

XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.

Білім беру үрдісін ақпараттандыру – жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, дара тұлғаны бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу – тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді. Біріккен ұлттар ұйымының шешімімен «XXI ғасыр – ақпараттандыру ғасыры» деп аталады. Қазақстан Республикасы да ғылыми – техникалық прогрестің негізгі белгісі – қоғамды ақпараттандыру болатын жаңа кезеңіне енді.

Қазақстан Республикасының Білім туралы заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – білім беру бағдарламаларын меңгеру үшін жағдайлар жасау керек» [1, б. 24] – деп көрсетілген. Солардың бірі білім беруді ақпараттандыру барысында дидактикалық және оқыту құралы болып компьютер саналады. Сондықтан кез келген білім беру саласында мультимедиялық электрондық оқыту құралдары барлық пәндерді оқытуға пайдаланады. Бұл бағытта ақпараттық технологияны оқыту үрдісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық – техникалық кешен болып саналатын « Активті экран » болып табылады. Білім беру саласына түрлі технологиялар енгізілуде, бірақ олардың ішінен қажеттісін таңдап, сабақтың әр кезеңінде тиімді қолдану – басты талап. Көрнекілік әдісі мен техникалық құралдарды қолдану әдісін – Ақпараттық– коммуникациялық технологияның бір өзі атқара алады. «Ақпараттық – коммуникациялық технологияны» сабақта дидактикалық оқыту құрлы ретінде пайдалану – заман талабы ғана емес, жаңа сөзбен, жаңа ұғыммен таныстырып, оны пайдаланып, қолданысқа түсіруде ең тиімді құрал.

Негізгі міндеттердің бірі – Мемлекеттік тілді тиімді меңгерту болғандықтан, қазақ тілін оқыту жүйесіне ақпараттық технологияны енгізу қажеттілігі туындады. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Олай болса, ақпараттық бірліктердің білімге айналуы әлемнің жүйелік – ақпараттық бейнесін оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен құндылық бағдарларын дамыту арқылы қалыптас– тыруды көздейтін, адамның дүниетанымының құрамдас бөлігі болып табылатын интеллектуалды дамуды қалыптастырудың бір жолы.

Оқытудың ақпараттық технологиясы – бұл ақпаратпен жұмыс жасау үшін арнайы тәсілдер, педагогикалық технологиялар, бағдарламалық және техникалық құралдар (кино, аудио және видеоқұралдар, компьютерлер, телекоммуникациялық желілер).

Оқытудың ақпараттық технологиясы – білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін жасау (педагогикалық іс–әрекетті өзгерту), білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу–тәрбие үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан–жақты қалыптастыру үшін ақпараттық технологияның қосымшасы деп түсіну керек.

Оқытудың ақпараттық технологияларын пайдаланудың теория және практика жүзінде дәлелденген маңыздылығы бүгінгі күндегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Физикада сақталу заңдылығында айтылғандай «...бар нәрсе жоғалмайды, тек бір түрден екінші түрге айналады» деген ұстанымды есепке ала отырып, мынадай ой–тұжырымдар қалыптастыруға болады: ақпараттық технологияларды, атап айтқанда, компьютерлік, мультимедиялық, интерактивтік оқыту құралдарын оқу материалдарын игертуге пайдаланып, жаңаша тұрғыдан ақпараттық технологияларды жасақтауды қолға алу бүгінгі күннің ең басты талабы.

Ақпараттық технологияны пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру мәселелері Б.Т.Абыканованың еңбектерінде, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын қалыптас– тыруды Ж.Ы.Сардарованың еңбектерінде, С.А.Нурпеисованың ақпараттық технологияны қолдану барысында студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мәселесі, оқу үдерісін жетілдіруде ақпа– раттық технологияларды пайдалану арқылы ақпараттық мәдениетін қалыптастыруды Л.П.Әбішева, Е.Ы.Бидайбеков, Б.А.Досжанов, зерттеулерінде толық зерделенген. [2, б. 58].

Білімді ақпараттандырудың негізгі мақсаты – «оқушыларды ақпараттық қоғам жағдайында тұрмыстық, қоғамдық және кәсіби салалардың іс–әрекетіне толық, тиімді араластыру» болып табылады. [3, б. 23]

Білімді ақпараттандыру білім жүйесінің барлық негізгі бағыттарын қамтитын механизм болып табылады. Осы орайда жаңа білімдендіру технологиясы ғалымдардың еңбектерінде жан–жақты зерттеліп талданғанын байқадық.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру мәселелері педагог ғалымдардың үнемі назарында болып келеді. Білім беру саласын ақпараттандыру, компьютерлендіру мәселелерінің әртүрлі аспектілері В.С.Гершунский, А.П.Ершов, В.М.Монахов, Е.И.Машбиц. [4, б. 47] секілді ғалымдардың зерттеу еңбек– терінде көрініс тапқан. Оқыту үдерісінде компьютерлік технологияларды қолданудың теориясы мен әдістемесі Ю.С.Брановский, Н.В.Василенко еңбектеріне арқау болған. Ал Қазақстанда бұл мәселе– лерге Е.Ы.Бидайбеков, Ж.А.Қараев, С.К.Кариев, К.А.Таңатаров, К.З.Халықова тың зерттеулер жүргізді. [5, б. 12].

Ақпарат дегеніміз – тұтынушыға бұрын белгісіз болған және оның зерттелетін нысаны (үдеріс, құбылыс) туралы түсінігін толықтыратын деректерден тұратын мәліметтер жиынтығы.

Ақпараттық үдерістер – ақпаратты жинау, жіберу, жинақтау, сақтау, өңдеу, іздеу, беру және пайдаланушыға жеткізу. Информатика ғылымы ақпараттық үдерістерді мақсатты түрде зерттеу нәтижесінде пайда болды.

Білім беруді ақпараттандыру – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологияның құралдарын білім беру саласына қолданудың методологиялық және тәжірибелік құндылықтарын зерттеп, оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық және педагогикалық мақсаттарына қамтамасыз ету үдерісі. Оқу үдерісінде білім беруді ақпараттандырудың негізгі бөлігі дербес компьютерлерді қолдану, интернет желісін пайдалану арқылы жүреді. Соңдықтан ол Қазақстан Республикасында біртұтас білімдік ақпараттық ортаны құру болып табылатын негізгі мақсатты көздейді. Олай болса, білім беру саласындағы жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану еліміздегі ақпараттық кеңістікті әлемдік білім беру кеңістігімен сабақтастыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті технологияны оқыту үдерісінде пайдалану әдістерін өз ішінде үшке бөлеміз:

- техникалық құрал–жабдықтарды қолданбай өту әдісі,
- техникалық құрал–жабдықтарды жарым–жартылай қолдану әдісі;
- техникалық құрал–жабдықтарды қолдана (аудиовизуалды) оқыту әдісі. [6, б. 9]

Интерактивті технологияның техникалық құрал–жабдықтарды қолданбай өту әдісіне жұптасып жұмыс істеу, ротациялық (ауыспалы) үштік, карусель – айналмақ, шағын топтармен жұмыс, аквариум, аяқталмаған сөйлем, миға шабуыл (мозговой штурм), броундық қозғалыс, есептеу ағашы, өз атынан сот, азаматтық тыңдау, ролдік (іскерлік) ойын, сығымдау әдісі, өз позициянды ұстан, дискуссия, дебаттар т.б. жатады.

Білім берудегі интерактивті технология – мұндағы интерактивтісезі– inter (бірлесу), act (әрекет жасау) ұғымын білдіреді, сабақ барысында оқушының топпен жұмыс жасауға қатыспауы мүмкін емес, бірін–бір толықтыратын, сабақ барысында барлық оқушылардың қатысуын ұйымдастыратын оқыту барысы.

Ақпараттық технологияны оқыту үдерісіне екпінді түрде енгізу бағытында және қолданылатын жаңа құралдардың бірі – бағдарламалық–техникалық кешен болып саналатын «Белсенді экран» (интерактивті тақта) болып табылады. [7, б. 12]

Қазақ тілін оқытудың тиімді жолдарының бірі – әдеби талдау жасай отырып, мәтіннің мазмұнын меңгерту. Оқу орыс тілінде жүретін мектептердегі қазақ тіл сабақтарында жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін анықтау және оларды іс жүзінде қолданып, нәтижелерін сараптап қорытындылау барысында ақпараттық технологияның тиімділігі байқалды.

Бүгінгі күні затты, көріністі, т.б. көріп қана қоймай, дыбыс пен әуенді тыңдауға, өз дауысын жазуға, бірнеше рет қайталауға, қайта айналып келуге, түзетуге, тағы да толып жатқан операцияларды істеуге болады. Оқушының тұлға ретінде қалыптасып, өркендеуіне ықпал ететін – ұстаз, ендеше тұлғаның білімдену барысында өз мүмкіндігін анықтап, дамуына мультимедиа ресурстарының тигізер әсері мол. Мультимедиа ресурстарына нелерді жатқызуға болады?

Отандық ғалым Ахмади Есжанов мультимедиа ресурстарына «Элек тронды мультимедиа: ресурстары мен құралдары» атты ғылыми мақаласында мыналарды жатқызады:

- электрондық мультимедиа оқулықтары;
- ақпараттық–ізвестіру мен анықтамалық мультимедиа жүйелері;
- қолданбалы мультимедиа энциклопедиялары;
- білім деңгейлерін тексеру мен өлшеуге арналған мультимедиа құралдары;
- электрондық тренажерлар;
- математикалық және имитациялық модельдеуге арналған мультимедиа құралдары;
- алыстан қатынас жасау зертханалары мен виртуалдық зертханалардың мультимедиа құралдары;
- автоматтандырылған үйретуші жүйелер;
- сараптамалық үйретуші жүйелер;

Сондай–ақ әр ресурстың қызметі мен оған қойылатын талаптар анық әрі қысқа түрде тұжырымдалған. Өзге тілді мектептердегі қазақ тілін оқытудағы мақсат – тұлғаның коммуникативтік біліктілігін, яғни, сөйлеу және жазу мәдениетін қалыптастырып, жетілдіру болғандықтан, тіл меңгерту маманына интерактивтілік пен модель бойынша өздігінен білімдену арқылы кәсіби құзыреттілігін арттыру қажет.

Нақтырақ айтсам, Ыбырай Алтынсаринның «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін оқытуда интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін төмендегідей пайдаландым:

1. Ы.Алтынсаринның өмірі мен шығармашылығына арналған слайдтар;
2. Мәтінді алдын–ала өз дауысыммен жазып, тыңдаттым; (мәтінге көз жүгірте отырып, тыңдады)
3. Жаңа сөздердің орысша баламасын табуда «іліп алып, орнына қою» әдісін пайдаландық; (интерактивті тақтаман жұмыс)
4. Әдеби талдау жасап үйрену;

а) Оқушылар кезектесе оқи отырып, мәтіннен негізгі ойды тапты;

ә) Экранда дайындалған слайдтарды қарай отырып, тапқан негізгі ойлары арқылы әдеби талдау жасады; (слайдтарды—«Асан мен Үсен» атты түрлі түсті кітаптың безендіруінен алдым, және суреттердің бетіне әдеби талдау алгоритімін жазып отырдым. Мысалы: Шығарманың басталуы.... т/б)

б) «Үйрек—қаз адал құстар», – деді Үсен. (осы тұста құстардың дауысы жазылған таспаны тыңдаттым)

СЕРГИТУ СӨТІН өткіздім (көру мүшелеріне арналған)

в) Кейіпкерлердің мінезін салыстыруға ВЕН диаграммасын пайдаландым;(интерактивтік тақтада оқушылар өздері дәлелдеді)

4. Үйге тапсырма «РАФТ» әдісімен кейіпкерге хат жазу;

5.Қорытынды—тест (Әр оқушы компьютермен жұмыс жасайды, тиісті бағаларын да компьютер шығарады)

Менің ойымша, кез—келген шығарманы талдамас бұрын, оқушылардың шығармаға деген қызығушылығын ояту керек. Сондықтан интерактивті тақтаның мүмкіндіктерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалануға әбден болады. Ол әрине мұғалімнің шеберлігіне байланысты. АКТ—сы бойынша оқыту тиімді деп айта аламын. Осы әдіспен оқыту барысында, оқушылардың қызығушылығы арта түседі және білім сапасы жоғарылайды. Өздігінен белсенді әрекет ету арқылы білімді меңгерту қазіргі мұғалімнің негізгі талаптарының бірі. Сонымен мемлекеттік тілді оқыту жүйесіне ақпараттық технологияны енгізу тілді саналы меңгертіп, байланыстыра сөйлеуде ғана емес, өскелең ұрпақтың ізденімпаздық әрі шығармашылық қабілеттерін дамытуда ықпалы зор және тіл меңгеруге деген қызығушылығы арта түсетіні айдан анық. Сабақтың мазмұнына байланысты кейбір мәселелер жөнінде қойылатын сұрақтар немесе оқушылардың өздерінің сұрақ қоя білуі мен жауап қайтарудағы тапқырлығы проблеманы түсінудің маңызды көрсеткіші екендігінің айқын дәлелі. Сабақтың барысында өз көзқарасын дәлелдеп, пікірін қорғай білуге талаптандыру, басқаларды да тыңдай білу және өз позициясын түсіне білуге, құрбы—құрдастарын ренжітпей, өз ойын қисынды айта білуге үйрету, сөйтіп, адамдар арасындағы, яғни, құрбыларымен, оқытушыларымен қарым—қатынасты дұрыс жолға түсіруге ықпал ету болып табылады.

Интерактивті тақтаның көмегі оқу барысында өте зор екені зерттеу жұмыстарында айқын көрсетіліп жүр. Бұл – жаңашыл аудиовизуалды техникалық құрал—жабдықтар мен оқытудың үдемелі де қарқынды әдістерін қолдану арқылытыңдаушыларын қызықтырып, сабаққа белсенді түрде—қатысуын арттыратын, материалдарды меңгеруді жеңілдететін, сонымен қатар студенттерге ауқымды оқу материалдарымен көмектескісі келетін оқытушыларға өте тиімді таңдау.

Мектепті ақпараттандыруға осылай мемлекет тарапынан үлкен экономикалық қолдау көрсетіліп, оны оқыту, үйрету мәселесі бүкіл халықтық деңгейге көтерілсе ғана біздің еліміз өндірістің жоғары психологиясын меңгерген дүиежүзілік бәсекеге төтеп беретін, өндіріс өнімдерін өндіре алатын алдыңғы қатарлы мемлекетке айналады. Ол дәрежеге жетуге қажетті білім алуына біздің жас ұрпақтың қабілетінің жететініне сенім мол.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет». [8, б. 6—9] деп, атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі N 319 Білім туралы Заңы
2. Талдыбаева Ә. Оқытудың жаңа технологиясы мен оқушылардың даму мониторингі. Ғағат. 2003 ж. №4. 3—5 б.
3. Каленова Б.С. Бастауыш білім беру технологиялары. Өскемен, 2007 ж.
4. Габрусевич С., Зорин Г. От деловой игры – к профессиональному творчеству. М, 1989 г.
5. Мусина С. Оқыту технологияларын енгізу жолдары Қазақстан мектебі. 2002 ж. №8
6. М.М.Елекешева, З.Р.Мурзабекова. Оқытудың ақпараттық технологиялары және білім беру жүйесінде қолданудың негізгі проблемалары <http://moodle.nci.kz/>
7. Сіргебаева С.Т. Жоғары оқу орындарында ақпараттық технологияны қолданудың педагогикалық шарттары (автореферат) Алматы, 2010 ж.
8. Иманбекова Б. Жаңа технологиялармен оқыту әдістері, Қазақ тілі мен әдебиеті. 2003 ж. №7. 6—9 б.